

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Куба Республикасы Үкіметінің арасындағы
мәдени және ғылыми ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 сәуір N 421

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1995 жылғы 4 қаңтарда Гаванада қол қойылған Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Куба Республикасы Үкіметінің арасындағы
мәдени және ғылыми ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Куба Республикасының
Үкіметі арасындағы мәдени және ғылыми ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Куба Республикасының Үкіметі,

егемендік теңдікке және бір-бірінің ішкі істеріне араласпауға негізделген екі
мемлекет арасындағы достық қатынастарды дамытып, нығайту ниетін көздей отырып,
ғылым, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, туризм мен спорт

саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға деген ұмтылысты
басшылыққа ала отырып,

халықаралық құқық нормаларына, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының
мақсаттары мен принциптеріне адалдықты қуаттай отырып,
мына төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Тараптар ғылым, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, туризм
мен спорт саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты көтермелейді.

2-бап

Тараптар мәдени ынтымақтастықты дамыту мақсатында:

мәдениет, әдебиет пен өнер делегациялары мен қайраткерлерін,

көркем және шығармашылық ұжымдарды, оқытушылар мен мамандарды алмасуға;

екі елдің халықтарын мәдени мұрамен таныстыру мақсатында ғылыми және көркем әдебиетті аударуға және жариялауға;

мәдениет пен өнер Күндерін, әртүрлі көрмелерді, фильмдердің фестивальдарын ұйымдастыруға және өткізуге;

радио және телевизия бағдарламаларын, би және ән ұжымдарын алмасуға;

ғылыми-көпшілік және көркем әдебиетті, фильмдерді, мерзімдік басылымдарды алмасуға жәрдемдеседі.

3-бап

Тарапта екі елде өткізілетін конгрестерге, симпозиумдар мен

семинарларға ғылыми қызметкерлердің өзара қатысуына жәрдемдеседі, сондай-ақ ғылыми ынтымақтастықтың басқа да нысандарын пайдаланады.

4-бап

Тараптар мынадай бағыттар бойынша ғылым мен білім саласында ынтымақтасып, тәжірибе алмасуға жәрдемдеседі:

дәріс оқу және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін аспиранттар, стажерлер, оқытушылар және басқа мамандар алмасу;

екі ел халықтарының тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін зерттеу.

5-бап

Тараптар өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес музей, кітапхана және архив қорларымен танысу үшін мамандарға өзара мүмкіндік туғызады.

6-бап

Тараптар өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдерге сәйкес өз аумақтарында заңды ұйымдар мен жеке адамдардың авторлық құқықтарын өзара қорғайды.

7-бап

Тараптар тәжірибе, мамандар, әдістемелік талдамалар алмасу жолымен денсаулық сақтау мен медицина саласындағы ынтымақтастықты дамытып, тереңдетеді, сондай-ақ екі елдің әрқайсысында ұйымдастырылатын халықаралық жиындарға өз өкілдерін жіберіп отырады.

8-бап

Тараптар спорт жарыстарын өткізу және мамандар алмасу арқылы спорт және жастар байланыстарының дамуын көтермелейді.

9-бап

Осы келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттеріне нұқсан келтірмейді.

10-бап

Осы келісімді орындау мақсатында Тараптар қаржы шарттарын және ынтымақтастықтың ұйымдық нысандарын қамтитын жеке бағдарламалар жасап, оларға қол қояды.

11-бап

Тараптардың осы Келісімнің ережелерін түсінуіндегі алшақтықтар консультациялар өткізу арқылы реттеледі.

Осы Келісім екі Тарап өз заңдарында көзделген ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалғаны туралы бір-бірін хабардар еткен сәттен бастап күшіне енеді.

1 3 - б а п

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың бірі бес жылдық мерзім біткенге дейін алты ай бұрын өзінің Келісімді бұзғысы келетіні туралы жазбаша түрде хабарламаса, оның қолданылуы келесі бес жылдық мерзімге өзінен-өзі ұзартылады.

Осы келісім бұзылған жағдайда оның негізінде қол қойылған кез келген ынтымақтастық бағдарламасы оның қолданылу мерзімі біткенге дейін өзінің күшін сақтайды.

Гавана қаласында 1995 жылы 4 қаңтарда қазақ, испан және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды, сонымен бірге барлық текстердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Куба Республикасының
Үкіметі үшін